Өткен онжылдықтарда әлеуметтік көмекті шамадан тыс көбейту есебінен мемлекеттік басқарудағы қателіктер мен кемшіліктерді жасырып-жабу, яғни азаматтардың көңілін табу қалыпты дүниеге айналды.

Мемлекет ресурсы желге ұшты, тіпті жағдайы жақсы отбасылар да жәрдемақы алды. Осы кезде мектептер мен ауруханалар тапшылығы ұдайы ұлғайып отырды.

Бұл қоғамда патернализм мен масылдық көңіл күйдің күшеюіне түрткі болды. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінде ашықтан-ашық тонау және сыбайлас жемқорлық белең алды.

Негізсіз жеңілдіктер мен жәрдемақылардың тым көптігі – институционалдық шалағайлықтың, керек десеңіз, мемлекеттік аппараттың әлсіздігінің белгісі. Бұл – елдің жарқын келешегін қамтамасыз ету ісінде көрегенділік жетіспейді деген сөз. Мұны түсінген абзал.

Адамдарға бюджет қаражаты есебінен қамқорсынған сыңай таныту – барып тұрған популизм. Осының салдарынан халық мүддесіне қарсы, елдің орнықты дамуына тұсау болатын түрлі алаяқтық істер бүркемеленіп келді.

Бүгінің ғана ойлайтын адамдардың түсінігі осындай болады. Олар стратегиялық және мемлекеттік көзқарас тұрғысынан пайымдай алмайды.

Сондықтан әлеуметтік саясатты түбегейлі қайта қарап, уақытша түйткілдерді реттеуден гөрі стратегиялық мақсаттарға жетуге баса мән беру қажет.

Қайталап айтамын: мемлекеттік көмек шын мұқтаж адамдарға ғана берілуге тиіс. Үкіметтің алдында тұрған басты міндеттің бірі – осы.

Жалпы, бұл салада өзекті мәселелер аз емес, соған байланысты Үкімет өз ұсынысын, шешімдерін беруде.

Қазір қоғамда осы мәселелер бойынша қызу талқы жүріп жатыр. Азаматтар өздерін алаңдатқан мәселелерді ашық айтуда.

Сондықтан бұл күрделі мәселені «өгізді өлтірмей, арбаны сындырмай», байыппен, салмақты көзқараспен шешу қажет. Артық қыламын деп, тыртық қылуға мүлдем болмайды.

Кез келген реформа терең сарапталып, мұқият зерттеліп, азаматтардың жағдайын мейлінше ескере отырып жүргізілуге тиіс.

Әлеуметтік көмектің жаңа тәсілдерін, соған қатысты ақпараттық жүйелердің қызметін алдын ала мұқият тексеріс-тен өткізу қажет. Ең дұрысы, ондай жобаларды әуелі пилоттық режимде іске қосып, тиімділігі расталған соң ғана кең ауқымда қолдану керек.

Түптеп келгенде, әлеуметтік мемлекет дегеніміз – азаматтарды әлеуметтік төлемдерге тәуелді ету емес, бұл, ең алдымен, халықтың тұрмыс сапасын, әл-ауқатын арттыру деген сөз.

Сондықтан біз адам капиталының сапасын жақсартуға және өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасауға баса мән беріп отырмыз.

Қазақстанда жеті миллионға жуық бала бар. Бұл – халқымыздың 34 пайызы. Жыл сайын 330 мыңнан астам сәби дүниеге келеді.

Елімізде халық саны қарқынды өсуде. Сондықтан денсаулық сақтау инфрақұрылымын жүйелі әрі жедел дамыту – өте маңызды міндет.

Біз ауқымды құрылыстың алғашқы кезеңінде еліміз бойынша сегіз заманауи перинаталды орталық салуды жоспарлап отырмыз.

Бұдан басқа, Атырау, Ақтөбе, Алматы, Шымкент, Қаскелең, Семей, Ақтау қалаларында жеті көпбейінді балалар ауруханасы, Астанада тағы екі медициналық нысан бой көтереді.

Аталған жұмысқа бюджет қаражатымен қатар, жеке капиталды кеңінен тартқан жөн.

Қолға алынған мемлекет пен жекеменшік серіктестігі жобаларын сәтті жүзеге асыру қажет. Мұндай серіктестік түрі әлеуметтік инфрақұрылымға салынатын жеке инвестиция көлемін ұлғайтуға көмектеседі.

Ең бастысы, тиісті рәсімдерді негізсіз созбай, шешімдерді тез қабылдау керек.

Сондай-ақ біз алғашқы медициналық-санитарлық көмек жүйесін жаңғырту ісіне ерекше мән береміз.

Осы тұрғыдан алғанда, жалпы практика дәрігерлерінің өкілеттігін кеңейтіп, бұл жүйені қаржыландыру көлемін кезең-кезеңімен ұлғайту маңызды.

Үкіметке келер жылдың 1 қаңтарынан бастап осы бағытта жұмыс істейтін учаскелік қызмет мамандарының жалақысын үздіксіз еңбек өтіліне қарай 40 пайызға дейін арттыруды тапсырамын. Бұл 77 мыңнан астам маманның табысын өсіруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар біз жалақының ең төменгі мөлшерін кезең-кезеңімен көбейте береміз. Мен Үкіметке ең төменгі жалақы мөлшерін 85 мыңнан 110 мың теңгеге дейін көтеруді тапсырамын.

Осы міндет келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап іске асырылуға тиіс. Бұл 1,8 миллион адамның, соның ішінде бюджеттен жалақы алатын 370 мыңнан астам қызметкердің табысын арттыруға ықпал етеді.

Тағы бір өзекті тақырып. Инклюзивті білім беру мәселесіне айрықша назар аударған жөн.

Бүгінде Қазақстанда инклюзивті білім алуға тиіс 237 мыңнан астам бала бар.

Өкінішке қарай, соңғы жылдарда ерекше қажеттілігі бар балалардың саны арта түсуде. Сондықтан Үкімет әкімдермен бірлесіп, осы салаға қатысты инфрақұрылымды дамытуға тиіс. Ауқымды құрылысты жүргізу кезінде бұл бағыт назардан тыс қалмауы қажет.

Маман тапшылығын азайту және ерекше қажеттілігі бар балалардың диагнозын ерте жастан анықтау жұмысы

№127-128 (5026) 29/10/2026 Бейсенбі

ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ

да жүйелі түрде жүргізілуі керек. Осы жұмысқа «Қазақстан халқына» қоры белсенді атсалысқаны жөн.

Тағы бір мәселе. Қоғамда оқу-ағарту саласындағы реформаларға қатысты түйткілдер көп талқыланып жүр.

Жалпы, әр өзгеріс мұғалімнің жұмысын жеңілдетуге, оның қызметіндегі артық жүктемені азайтуға бағытталуы керек.

Іс жүзінде бұл міндет толық орындалмай жатқаны жасырын емес. Бұрын қағазбастылық көп еді. Енді оның орнын түрлі платформаларға, цифрлық жүйелерге енгізілуге тиіс есептер басып отыр.

Ұстаздың негізгі миссиясы – балаға сапалы білім беру, яғни сауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Бұл міндеттерді орындауға кедергі келтіретін басы артық жұмысты доғару керек.

Біз мұғалімдердің абырой-беделін қорғауымыз қажет. Соңғы уақытта мектептерде оқушылар ұстаздарына дөрекі сөйлеп, тіпті күш қолданатын жағдайлар да аз емес. Мұндай кезде көбінесе мектеп әкімшілігі де мұғалімге қысым көрсетіп жатады. Бұл – дұрыс емес.

Әр мәселе мұқият әрі жан-жақты қаралуға тиіс. Кез келген жағдайға отбасы да, оқушы да, ұстаз да, мектеп те – бәрі де бірдей жауапкершілікпен қарауы керек.

Оқу-ағарту министрлігі бұл жұмысты жіті назарда ұстауы қажет.



ҚҰРМЕТТІ ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТТАРЫ ЖӘНЕ ҮКІМЕТ МҮШЕЛЕРІ!

Мен бұған дейін де айтқанымдай, еліміз жаңа тарихи кезеңге қадам басты.

Осындай бетбұрысты сәтте ұлттық жоспарымыз бен стратегиямыздың бәрін қайта зерделеуіміз керек.

Біз Тәуелсіздігіміздің келесі мерейлі белесіне қандай нәтижемен жететінімізді анық түсінуіміз қажет.

Алдымыздағы мақсаттарды нақты белгілеу арқылы біз бүгінгі міндеттер мен басымдықтарды айқындаймыз, дербес стратегиялық бағдарымызды берік ұстанып, жасампаз жоспарларды жүзеге асырамыз.

Сондықтан, Президент Әкімшілігі Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп, бір жылдың ішінде еліміздің ұзақмерзімді дамуының кешенді бағдарын айқындайтын құжат әзірлеуі керек.

Бұл жұмысқа ғылыми-зерттеу орталықтарын, соның ішінде Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтын кеңінен тартқан жөн. Осынау маңызды құжатқа депутаттар да елеулі үлес қоса алады деп ойлаймын.

Бірақ бұл ауқымды жұмысты мемлекеттік басқару жүйесін реформалау ісінен бастауымыз керек.

Конституция заңды күшіне енген соң еліміздің саяси жүйесі толық жаңғырды. Осыған байланысты мемлекеттік мекемелер алдында тұрған міндеттер де күрделене түсті.

Қазір билік жүйесін дамытудың жаңа стратегиясына сәйкес осы саланы түбегейлі реформалау қажеттігі туындап отыр.

Бұл үдерісте тұтас мемлекеттік аппараттың және әрбір мемлекеттік қызметшінің жұмыс тиімділігін арттыру маңызды міндет болуға тиіс.

Ең алдымен, Үкіметтен бастап ауыл әкімдеріне дейінгі барлық деңгейдегі басқару құрылымын қайта қарау қажет.

Билік жүйесі цифрландыру дәуірінің талаптарына сай жұмыс істеп, жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін тиімді пайдалана білуі керек.

Мемлекеттік мекемелерді ұтымды бастама көтеруге, дербес шешім қабылдауға ынталандыру қажет.

Әрбір мекеме өз өкілеттігімен қатар, тұтас мемлекеттік аппараттың қалай жұмыс істейтінін нақты білуге тиіс.

Жасанды интеллектінің көмегімен қайталанатын міндеттерді, басқару жүйесіндегі қарама-қайшылықтарды жою керек.

Мемлекеттік аппарат қағазбастылықтан толық және біржола арылуы қажет. Шешім қабылдауға, яғни дамуға кедергі келтіретін барлық рәсімді қысқарту керек.

Мемлекеттік қызметшілер кәсіби білікті, озық маман болуға тиіс. Өкінішке қарай, әзірге мұндай деңгейге жеттік деп айту қиын.

Сондықтан мемлекеттік қызметшілерге арналған жаңа әдеп қағидаттарын әзірлеген жөн. Мемлекеттік қызметші, ең алдымен, Конституция талаптарын басшылыққа алып, Отанына және халқына адал қызмет етуге тиіс. Бұл жерде жекелеген өзгерістер туралы сөз болып отырған жоқ.

Бізге шынайы реформа қажет. Көзбояушылыққа жол беруге болмайды. Бұл – құқықтық және қаржылық шаралар қабылдауды талап ететін аса күрделі үдеріс.

Президент Әкімшілігі 2027 жылдың 1 маусымына дейін мемлекеттік басқару жүйесін реформалауға қатысты кешенді жоспар ұсынуы керек. Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттік басқару жүйесін цифрлық технология мен жасанды интеллектіге негізделген жаңа экономикаға бейімдеп, жаңғырту қажет.

Біздің басты мақсатымыз – Әділетті, Күшті, Таза, Озық Қазақстанды құру.

Қазір мол мүмкіндіктердің дәуірі туды. Бұл дәуірдің орасан зор қауіп-қатерлері де бар.

Дәл осындай жауапты кезеңдерде ұлттың мінезі айқын көрінеді.

Енжарлық пен бейқамдық танытқан ел тарихта жеңімпаз ұлт болмайтыны қалатыны анық.

Заманның сын-қатеріне төтеп берудің бірден бір жолы – стратегиялық тұрғыда бір қадам алда жүріп жұмыс істеу, сол арқылы Қазақстанның болашақ келбетін қалыптастыру.

Әйтпесе, үнемі көштің соңында жүруге мәжбүр боламыз.

Мемлекет дамуының ең жоғары өлшемі саналатын да, барлық реформаның игілігін көретін де (қазіргі тілмен айтқанда бенефициарлары) – біздің азаматтарымыз.

Сондықтан менің стратегиялық бағдарымның өзегінде әділдік идеясы тұр.

Жаңа тарихи кезеңге қадам баса отырып, біз барлық азаматтық инфрақұрылымды салу және жаңғырту ісіне кірісіп жатырмыз.

Алдағы бірнеше жылда барлық аймақта қарқынды құрылыс жүргізіледі.

Бұған дейін айтқанымдай, біз жаңа автожолдар, өнеркәсіп және энергетика нысандарын, темір жолдар, көпірлер, инженерлік желілер, гидротехникалық нысандар, мектептер, ауруханалар, спорт кешендерін және мәдениет ошақтарын саламыз.

Заманауи инфрақұрылымдарды салу ісі ондаған жаңа өндіріс орындарын ашуға ықпал етіп, ең бастысы халықтық цифрлық экономиканы дамытуға мүмкіндік береді.

Осылайша, біз темірдей тәртіптің, жоғары жауапкершіліктің және қажырлы еңбектің арқасында көп ұзамай ауылдарымыз бен қалаларымыздың келбетін түбегейлі өзгертеміз. Ортақ мекеніміз – Қазақстан Республикасын бұдан да қуатты, бұдан да тартымды елге айналдырамыз.

Біз «Заң мен Тәртіп» қағидатына бағына отырып, адал еңбек ету арқылы көздеген мақсаттарымызға міндетті түрде қол жеткіземіз және келер ұрпаққа лайықты мұра қалдырамыз.

Бұған дейін бірнеше мәрте айттым, тағы да қайталаймын: бұрын-соңды болмаған жаһандық сын-қатерлер кезеңінде елдің бірлігі мен қоғамның әлеуметтік тұғырын барынша нығайта түсуіміз қажет.

Біз сонда ғана стратегиялық міндеттерімізді толық орындай аламыз.

Осы жолмен жүрсек, Қазақстан әлемдік өркениет көшінің алдыңғы шебінен лайықты орын алатынына кәміл сенемін.

Жалпы, кез келген реформаны іске асыру үшін заңдарды жетілдіру, саяси институттарды нығайту жеткіліксіз. Ең алдымен, сана жаңғыруға тиіс. Еліміз орнықты дамуы үшін қоғамда жаңа этика орнығуы қажет. «Адал азамат» идеологиясы өміріміздің ажырамас бөлігіне айналуы керек.

«Әрекет түбі – берекет» деген халқымыз. Сондықтан мейлінше ширақ болып, отаншыл азамат екенімізді жасампаз істермен көрсету аса маңызды.

Ал отаншыл болу – заңды құрметтеу, тәртіпке бағыну, ел игілігі үшін табанды еңбек ету деген сөз. Заңға құрметпен қарайтын адам табысты болады.

Мен Қазақстан әрбір азаматтың дамуына жол ашатын, жалпыға бірдей мүмкіндік беретін, бірлігі бекем, Әділетті әрі Өркениетті мемлекет болуын тілеймін. Аталған мақсатқа жету үшін бар күш-жігерімді салып келемін және алдағы уақытта да солай болады.

Қазіргі заманның басты қуаты – білім мен ғылымда, озық инновацияларда. Жаңа технологияларды, жасанды интеллектіні терең меңгерген ел дамиды. Мемлекетімізге мықты ғалымдар, кәсіби инженерлер, ұлағатты ұстаздар мен білікті дәрігерлер әрқашанда керек болады.

Мен ұлтымыздың көшін алға бастай алатын отаншыл азаматтарға зор үмітпен қараймын.


ҚАДІРЛІ ҚАУЫМ!

Бүгін мен елімізде жасалып жатқан ауқымды өзгерістерге кеңінен тоқталдым. Жарқын болашағымызды айқындайтын маңызды бастамалар жөнінде айттым.

Алдымызда тұрған тарихи міндеттерді табысты жүзеге асыруымыз керек. Біз әр азаматтың дамуына, барша жұрттың өркендеуіне жол ашатын берекелі қоғам, Әділетті Қазақстанды міндетті түрде құрамыз.

Баршаңызға амандық және табыс тілеймін!

Отанымыз – Қазақ елі мәңгі жасасын!




Жанарбек ӘШІМЖАН,
Құрылтай депутаты:

БҰЛ ЖОЛДАУДЫҢ МӘНІ ЕРЕКШЕ

– Тәуелсіздігіміздің 35 жылдығы қарсаңында жарияланған бұл Жолдаудың мәні ерекше. Себебі бүгінгі міндет – қол жеткізген жетістіктерді еселеу ғана емес, келер ұрпаққа технологиялық тұрғыдан дамыған, экономикасы қуатты, әлеуметтік мүмкіндіктері тең әрі заң үстемдігі орныққан мемлекетті аманаттау. Президент атап өткендей, күрделі геосаяси жағдайда ел егемендігін нығайтудың басты шарты – ішкі тұрақтылық, қоғамдық келісім және жүйелі еңбек. Бірлік пен тәртіп жоқ жерде тұрақты даму да болмайды. Сондықтан елдің болашағы әрбір азаматтың жауапкершілігіне, мемлекеттік институттардың тиімділігіне және қоғамның ортақ мақсат жолында жұмыла білуіне байланысты.

Экономикалық дербестікті нығайту үшін шикізатқа тәуелділіктен арылып, өңдеу өнеркәсібін дамытуға, қосылған құны жоғары өнім өндіруге басымдық беру қажет. Ауыл шаруашылығына жасанды интеллект пен су үнемдеу технологияларын енгізу, өнімді терең өңдеу және логистиканы жетілдіру де азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, ауыл еңбеккерлерінің табысын арттыруға мүмкіндік береді. Ал әділ бәсеке мен кәсіпкерлікті қолдау инвестиция тартудың және экономиканы өркендетудің маңызды шарты болмақ.

Әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету де – күн тәртібіндегі маңызды міндет. Халықтың нақты табысын арттыру, инфляцияны тежеу, медициналық көмектің сапасын жақсарту, мұғалім мәртебесін қорғау және мұқтаж азаматтарға атаулы қолдау көрсету реформалардың негізгі нәтижесіне айналуы қажет. Бұл ретте мемлекеттік басқаруды жетілдіру, бюрократияны қысқарту және заң талаптарын мүлтіксіз орындау айрықша маңызды. Жолдаудағы «Адал азамат» қағидатының да мәні терең. Отаншылдық – елді сүюмен ғана шектелмейді. Ол – заңды құрметтеу, адал еңбек ету, тәртіп сақтау және қоғам игілігіне үлес қосу. Осы құндылықтар орныққанда ғана Әділетті Қазақстан құру мақсаты нақты нәтижеге айналады. Құрылтай депутаты ретінде Жолдауда белгіленген міндеттердің заңнамалық тұрғыдан сапалы қамтамасыз етілуіне, халықтың сұранысы мен өңірлердің қажеттіліктері ескерілуіне ерекше мән беру қажет деп санаймын. Елдің қуаты – экономикасында, болашағы – білімді ұрпағында, ал табысының негізі – адал еңбекте. Мемлекет, қоғам және бизнес бір мақсатқа жұмылып, бірлік пен жауапкершілікті ту еткенде ғана Қазақстанның тұрақты дамуына және жарқын болашағына берік негіз қаланады.



Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесі төрағасының міндетін атқарушы, Ұлттық ғылым академиясының академигі:

ҒЫЛЫММЕН ЕЛ ДАМИДЫ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына арналған бүгінгі Жолдауында адами капиталды дамыту, ғылым мен жаңа технология мәселелері – ел дамуының стратегиялық басым бағыттарының бірі болып қала беретіндігі екпін түсіріле айтылды.

Заманның басты қуаты – білім мен ғылымда, озық инновацияларда екенін тілге тиек еткен Президент «Жаңа технологияларды, жасанды интеллектіні терең меңгерген ел дамиды» деді.

Сапалы ұлт қалыптастырып, бәсекеге қабілетті болу үшін мемлекетімізге мықты ғалымдар кәсіби инженерлер, ұлағатты ұстаздар мен білікті дәрігерлер әрқашанда керек болатындығы айрықша айтылуы әлеуметтік сала мамандарына да зор жауапкершілік жүктелетінін аңғартты. Әсіресе, білім мен ғылым – адами капиталды дамытудың күретамыры екені асты сызылып айтылуы да бекер емес.

«Ұлтымыздың көшін алға бастай алатын отаншыл азаматтарға зор үмітпен қараймын» деген Мемлекет басшысының сеніміне селкеу түсірмей, Жаңа Қазақстанның жаңа тұрпатты жастарын заман талабына сай тәрбиелеп, жаңа технологияларды мықты меңгерген, сапалы мамандар етіп даярлап, оларды ғылымға тарту жолында аянбай атсалыса берейік, әріптестер!



Ерлан САЙЫРОВ,
Құрылтай депутаты:

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҢҒЫРУ – ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

– Мемлекет басшысының биылғы Жолдауының басты түйіні сол, Қазақстан жаппай технологиялық жаңару дәуіріне бет бұрды. Жасанды интеллектіні дамыту, экономиканы технологиялық тұрғыдан жаңғырту және инновациялық әлеуетті арттыру ел дамуының негізгі басымдықтарына айналып отыр. Бұл өзгерістер мемлекеттік басқарудан бастап білім беру, өндіріс, медицина және күнделікті тұрмысқа дейінгі барлық саланы қамтып, Қазақстанның бәсекеге қабілетін арттыруға жол ашады. Ендігі міндет – технологиялық мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, адами капиталды дамыту және жаңа дәуірдің талаптарына сай экономикалық өсімге қол жеткізу.

Қазақстан қарқынды құрылыс алаңына айналуы керек. Бұл бағытта елімізде жақын арада 70 медицина, 50 білім, мәдениет нысандары салынады. Бастамалар әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға, халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға және өңірлердің әлеуетін нығайтуға мүмкіндік береді. Әсіресе, денсаулық сақтау, білім беру және мәдениет салаларындағы жаңа нысандар ел азаматтарының өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Экономика жасанды интеллект пен цифровизация тенденциясына сәйкес болуы үшін энергия көзі қажет. АЭС салуды шапшаңдату, басқа да энергия көздерін дамыту күн тәртібінде. 2029 жылға дейін мемлекетіміз энергопрофицитті елге айналуы керек. Сонымен қатар Президент микро және кіші бизнесті тексеруге 3 жылға мораторий жариялау мәселесін қойды. Салық кодексіндегі бизнесті дамытуға кедергі болып тұрған пункттерді алып тастауға тапсырма берілді. Қ.Тоқаев еліміздегі әсіре бай азаматтарға салық төлеуді көбейту жөнінде айтты. Бұл – өте дұрыс қадам, бай-ауқатты азаматтардың елдің дамуы үшін жауапкершілік дәрежесі жоғары болуы керек.

Қоғамды толғандырып жүрген ең төменгі жалақыны арттыру бойынша Мемлекет басшысы 85 мыңнан 2027 жылдың 1 қаңтарынан 110 мың теңгеге өседі деді. Бұл – халқымыздың әлеуметтік стандартын дамытуға нақты қадам.

Елімізде жаппай цифрлық қоғам құру міндеті тұр. Бұл дегеніміз азаматтарымыздың баршасы цифрлық технология машығына ие болуы керек. Аталған шаралар Қазақстанның қарқынды дамуын қамтамасыз ете отырып, еліміздің тарих толқынынан қалып қоймас үшін қарқынды технологиялық модернизация жасауға бағытталған.



Салтанат ДЖЕНАЛАЕВА,
«Әділет» партиясы Астана қалалық филиалы әйелдер қанатының төрайымы:

МЕДИЦИНА МАМАНЫН ҚОЛДАУҒА КӨҢІЛ БӨЛІНДІ



– Мемлекет басшысының Жолдауымен мұқият таныса отырып, денсаулық сақтау саласын дамыту және медицина қызметкерлерін қолдау мәселелеріне ерекше назар аудардым. Бұл тақырып мен үшін кәсіби тұрғыдан маңызды, өйткені әрбір пациенттің өтінішінің артында білікті медициналық көмекті ғана емес, сонымен қатар ықылас, түсіністік пен қамқорлықты қажет ететін адам тұр.

Бірінші, медициналық-санитариялық көмек көрсету ұйымдарында еңбек ететін 77 мыңнан астам медицина қызметкерінің жалақысын еңбек өтіліне қарай 40%-ға дейін арттыру туралы шешім ерекше назар аудартты. Бұл көрсеткіштердің артында күн сайын пациенттерді қабылдайтын, аурулардың алдын алу шараларын жүргізетін, науқастардың денсаулық жағдайын бақылайтын және көп жағдайда адамдардың көмек сұрап бірінші жүгінетін мамандары саналатын мыңдаған медицина қызметкері тұр. Олардың еңбегі жоғары жауапкершілікті, төзімділікті және кәсіби білімін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Сондықтан лайықты еңбекақы – тек материалдық қолдау ғана емес, сонымен қатар медицина мамандығына деген құрметтің маңызды көрінісі.

Еліміздің түрлі қалаларында 8 перинаталдық орталық пен 7 балалар ауруханасын, сондай-ақ Астана қаласында 2 медициналық нысан салу жоспарларының маңызы зор. Мұндай инфрақұрылымды дамыту болашақ ата-аналар, балалар және уақытылы әрі сапалы медициналық көмекке мұқтаж отбасылар үшін ерекше маңызды. Әрбір жаңа медициналық мекеменің ашылуы – көбірек адамның қолайлы жағдайда қажетті ем алуына мүмкіндік беретін қадам. Сонымен қатар заманауи ғимараттар мен медициналық жабдықтардың әлеуетін күн сайын пациенттердің денсаулығы үшін білімін, тәжірибесі мен күш-жігерін жұмсайтын білікті мамандарсыз толық іске асыру мүмкін емес. Сондықтан денсаулық сақтау саласын дамыту бірнеше бағыт бойынша қатар жүргізілуі қажет. Олар – материалдық-техникалық базаны нығайту, медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыру және медицина қызметкерлерінің еңбек етуіне лайықты жағдай жасау.

Мемлекет басшысының Жолдауы денсаулық сақтау жүйесін дамытудың негізінде нақты адамдардың – медицина қызметкерлері мен пациенттердің мүддесі тұрғанын тағы бір мәрте айқындайды. Түпкілікті алғанда, жоспарланған барлық бастаманың басты нәтижесі халық денсаулығын сақтау, медициналық көмекті уақытылы көрсету және адамдардың қажет кезінде көмекке келуге дайын білікті мамандардың бар екеніне деген сенімін нығайту болуы тиіс.



Табиғат ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Қазақстан Халық Кеңесі Өңірлік даму және жергілікті өзін-өзі басқару комитетінің төрағасы:

ӨҢІРЛЕР ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған жыл сайынғы Жолдауында заманауи инфрақұрылымды дамыту және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру мәселелеріне ерекше назар аударылды. 2027 жылды «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жариялау туралы ұсыныс маңызды бағдар қалыптастырады. Оның негізгі мәні – елдің дамуы тек елорда мен ірі қалаларда ғана емес, әрбір елді мекенде де айқын көрініс табуы тиіс.

Өңірлерді дамыту және жергілікті өзін-өзі басқару жөніндегі Халық Кеңесі комитетінің төрағасы ретінде мен үшін қойылған міндеттердің нақты нәтижелермен жүзеге асырылуы айрықша маңызды. Азаматтар елдің дамуын ең алдымен күнделікті өміріндегі нақты өзгерістер арқылы бағалайды. Бұл – жолдардың жағдайы, мектептер мен ауруханалардың қолжетімділігі, жұмыс орындарының болуы, кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы жағдай және жайлы өмір сүру ортасы. Қоғамның өзгерістерге деген сенімі осындай күнделікті тіршіліктегі нақты нәтижелер арқылы қалыптасады.

Жолдарды, өнеркәсіп кәсіпорындарын, мектептерді, медициналық мекемелерді, әуежайларды, спорт және мәдениет нысандарын салу мен жаңғырту, сондай-ақ тұрғын үй құрылысын дамыту жөніндегі жоспарлар өңірлер үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. 8 перинаталдық орталық, 7 балалар ауруханасы мен Астанадағы 2 медицина нысанының құрылысына ерекше назар аудару қажет. Өйткені бұл жобалардың әрқайсысы отбасылардың нақты қажеттіліктерімен, балалардың денсаулығын қорғаумен және сапалы медициналық көмектің қолжетімділігін арттырумен тікелей байланысты.

Сондай-ақ Көкшетау – Петропавл автожолын кеңейту және 2027 жылы барлық автомобиль өткізу пункттерін реконструкциялауды аяқтау жөніндегі тапсырмалардың маңызы зор. Дамыған көлік инфрақұрылымы бұл тек қатынаудың қолайлылығы ғана емес. Ол өңіраралық байланыстарды нығайтуға, бизнестің мүмкіндігін кеңейтуге, сауданы дамытуға және жергілікті қауымдастықтардың елдің экономикалық өміріне белсенді араласуына ықпал етеді.

Ауқымды жоспарларды іске асыру барысында тұрғындардың нақты сұраныстары мен қажеттіліктері ескерілуі керек. Жеке инвестицияларды тиімді тарту, белгіленген мерзімдердің сақталуын қамтамасыз ету, жұмыстардың сапасын бақылау және жобалардың іске асырылуына қоғамдық бақылауды күшейту маңызды. Экономиканы цифрландыру мен заманауи технологияларды енгізу де еліміздің барлық өңірінде мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттыруға, кәсіпкерлікті дамытуға және азаматтардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасауға бағытталуы тиіс.

Күшті өңірлер жергілікті ерекшеліктер мен халықтың қажеттіліктерін ескере отырып шешім қабылданатын, ал атқарылған жұмыстың нәтижесі нақты көрініс табатын жерде қалыптасады. Сондықтан бүгінгі таңда жетістікті тек салынған нысандардың санымен ғана емес, олардың адамдарға қандай жаңа мүмкіндіктер беретінімен, өмір сүру сапасын қаншалықты арттыратынымен және аумақтардың тұрақты дамуына қалай ықпал ететінімен бағалау маңызды. Осындай ұстаным ауқымды мемлекеттік бастамаларды Қазақстанның әрбір өңіріндегі нақты өзгерістерге айналдыруға, азаматтардың сенімін нығайтуға және еліміздің одан әрі дамуы үшін берік негіз қалыптастыруға мүмкіндік беретініне сенімдімін.

Нұртөре ЖҮСІП,
Қазақстан Халық Кеңесінің мүшесі:

ЖОЛДАУ – КЕЗЕКТІ, ӨМІР – ӨЗЕКТІ



– Президенттің «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауы еліміздің алдағы даму бағытын айқындап, халықтың әл-ауқатын арттыруға, экономиканы нығайтуға және өңірлердің әлеуетін көтеруге бағытталған маңызды міндеттерді қамтыды.

Жолдауда ерекше назар аударткан бастамалардың бірі – 2027 жылды «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жариялау туралы ұсыныс. Бұл – дұрыс шешім. Құрылыс деген – жасампаз сала. Жаңару мен жаңғырудың өзегі осында жатыр. Мәні тек жаңа ғимараттар салумен шектелмейді. Ең алдымен, халықтың күнделікті өміріне қажетті инфрақұрылымды жаңғырту, қалалар мен ауылдардың арасындағы даму алшақтығын азайту, әр азаматтың сапалы өмір сүруіне жағдай жасау көзделіп отыр. Соның ішінде жолдарды жөндеу, елді мекендерді таза ауыз сумен және газбен қамтамасыз ету, тұрғын үй құрылысын дамыту, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт нысандарын салу мәселелеріне басымдық беріледі. Әсіресе, жаңа ауруханалар мен перзентханалар, балаларға арналған оңалту орталықтары, спорт кешендері мен мәдениет ошақтарын салу туралы тапсырмалар әлеуметтік саясаттың басты өлшемі адам және оның өмір сапасы екенін көрсетеді. Бұл бастама өңірлердің дамуына серпін беріп қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға, отандық кәсіпкерлікті қолдауға және экономикалық белсенділікті арттыруға мүмкіндік беретіні анық.

Президент Жолдауында айтылған тағы бір маңызды мәселе – мемлекеттік қаржының тиімді әрі мақсатты жұмсалуы. Әрбір қолға алынған жоба нақты нәтижеге жеткізіп, халықтың тұрмыс сапасына оң әсер етуі тиіс.

Биыл Қазақстанның Тәуелсіздік алғанына 35 жыл толады. Осы орайда қол жеткен табысқа тоқмейілсіп, тоқтап қалмау өте маңызды. Жолдаудың түйінді тұстары:

«Халықтық құрылыс» жылы. 35 жылда бұрын-соңды болмаған ауқымды құрылыс жұмыстары басталады.


Инфрақұрылымды жаңғырту. 2029 жылға дейін инфрақұрылымды дамытуға Ұлттық қордан 6,5 триллион теңге бөлінеді.

«Адал азамат» қағидаты – қоғамдық сананы жаңғырту негізі. Елдің дамуы үшін ең алдымен қоғамдық сана өзгеруі тиіс. «Адал азамат» қағидатын өмірлік ұстанымға айналдырып, заң мен тәртіп үстемдік ететін қоғам қалыптастыру маңызды.

Шағын бизнесті қолдау. Шағын кәсіпкерлікке кедергі келтіретін тексерулерге үш жылдық мораторий енгізу мәселесін Құрылтайда қарастыру тапсырылды. Сондай-ақ кәсіпкерліктің дамуын тежейтін салық талаптарын қайта қарау көзделеді.

Экономиканың өзегіне айналатын «Халықтық құрылыс» – газ, су тартуға, тұрғын үй, әлеуметтік нысан салуға 2029 жылға дейін 6,5 триллион теңге бөлінеді, құрылыс үдейді. Президент « Халықтық құрылыс» бағдарламасы жүз мыңдаған адамды жұмыспен қамтиды. Тарихымыздағы ең үлкен инфрақұрылымдық жоба болады деді. Ең төменгі жалақы 85 мыңнан 100 мыңға өседі; келер жылы жаңа Азаматтық кодекс қабылданады; кәсіпкерлікті қолдау күшейеді;

Ұстаздарға қатысты ойын айта келіп, мұғалімдер жұмысын жеңілдету туралы: «Ұстаздың негізгі миссиясы – балаға сапалы білім беру, яғни сауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Бұл міндетке кедергі келтіретін басы артық жұмысты доғару керек» деді. Бұл жолғы Жолдаудың негізгі мәні де осында деп білеміз. Ұрпақ мықты болмай, ұлт көші жаңа арнаға түсе қоймайды.



Есберген АЛАУХАНОВ,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

ТҰРМЫСТА КӨРІНІС ТАБУЫ ТИІС

– Еліміздің алдағы даму бағыттары айқындалған маңызды құжатта Президент халықтың әл-ауқатын арттыру, жалақыны көтеру, жаңа әуежайлар салу және көлік инфрақұрылымын дамыту мәселелерін көтерді. Бұл бастамалар ел экономикасының дамуына және азаматтардың өмір сапасының жақсаруына ықпал етеді. Соның ішінде өз салама қатысты мәселелерге тоқталсам, заң ғылымының өкілі әрі Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі ретінде заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқығын қорғау және халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін арттыру мәселелерін маңызды деп санаймын. Бұл бағытта құқықтық мәдениетті көтеріп, мемлекеттік органдардың жауапкершілігін күшейту қажет. Жалпы, биылғы Жолдаудың басты ерекшелігі – экономикалық өсімді халықтың нақты әл-ауқатын арттырумен ұштастыру. Ең бастысы, көтерілген бастамалар нақты іске асып, әрбір азаматтың тұрмысынан көрініс табуы тиіс.

№127-128 (5026) 29/10/2026 Бейсенбі

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» – ТАРТЫМДЫ ЖОБА

Астанада пластик бөтелкелер мен алюминий құтыларды қайта өңдеуге жинайтын «Sparklo» фандоматтар желісін дамытуға арналған баспасөз туры өтті. Жоба «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетті дамыту тұжырымдамасы аясында «Zero Waste» компаниясымен серіктестікте, ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен «Жасыл даму» АҚ қолдауымен жүзеге асырылып жатыр.



Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Іс-шара барысында БАҚ өкілдері фандоматтардың жұмысымен, қайталама шикізатты автоматтандырылған түрде қабылдау жүйесімен және тұрғындарды қалдықтарды бөлек жинауға ынталандыру тетіктерімен танысты.

«Sparklo Kazakhstan» компаниясының бас директоры Татьяна Ашрафзянованың айтуынша, жоба тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға және қалдықтарды қайта өңдеуге тартуға бағытталған. Фандоматтар пайдаланылған пластик бөтелкелер мен алюминий құтыларды қабылдап, оларды кейінгі өңдеуге жіберуге мүмкіндік береді.

– Біздің жобамыздың сұранысқа ие болғаны қуантады. Астананың өзінде 2 миллионнан астам бөтелке мен құты жинадық. Ал еліміз бойынша қайта өңдеуге жіберілген өнім көлемі 5 миллионнан асты. Бағдарламаның тағы бір ерекшелігі – тұрғындарды ынталандыру жүйесі. Пайдаланушылар тапсырған шикізаты үшін ұпай жинап, оны мобильді қосымшадағы сыйақыларға немесе серіктестердің бонустарына айырбастай алады, – деді Татьяна Ашрафзянова.

Оның сөзінше, жобаға балалардың қызығушылығы да жоғары. Ата-аналар балаларын фандоматтарға бірге ертіп келіп, қалдықтарды сұрыптаудың маңызын күнделікті өмірде үйретіп жүр. Бұл өз кезегінде экологиялық жауапкершілікті ерте жастан қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазір Қазақстан аумағында 53 фандомат орнатылған. Жобаға қатысушылар саны 100 мың адамнан асты. Астанада да фандоматтар желісі кезең-кезеңімен кеңейіп келеді. Компанияның мәліметінше, серіктестермен бірлесіп, қалада 16-дан астам фандомат орнатылған. Қазіргі уақытта желіні кеңейту үшін жаңа серіктестер тарту жұмыстары жүргізілуде.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҮЙРЕНЕДІ

Астанадағы «Tanym» көпфункционалды кешенінде «AQUALAB» жобасының тірек мектептерінің мұғалімдеріне арналған «Суды зерттеу арқылы жобалық оқыту» тақырыбында практикалық семинар өтті.



Шапағат ӘБДІР

Іс-шара барысында педагогтар су сапасын зерттеу әдістерімен танысып, оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыруға және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған жобаларды әзірлеу жолдарын үйренді.

Семинарға «AQUALAB» жобасының 10 тірек мектебінен химия, биология және география пәндерінің мұғалімдері, сондай-ақ онлайн тіркеуден өткен Астана қаласының педагогтары қатысты. Іс-шараны Астана қаласы әкімдігінің «Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы», Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Ақпараттық-талдау орталығы және «Caravan of Knowledge» корпоративтік қоры ұйымдастырды.

«Caravan of Knowledge» корпоративтік қорының директоры Дарын Сайыновтың айтуынша, мұндай кездесулердің мақсаты – мұғалімдерге арнайы зертхананың мүмкіндіктерін таныстырып қана қоймай, су ресурстарын қорғау мен үнемді пайдаланудың маңызын оқушылар арасында кеңінен насихаттауға мүмкіндік беру.

«Біздің кешенде балаларға арналған арнайы зертхана ашылған. Бір жағынан, осы зертхананың мүмкіндіктерін таныстырғымыз келсе, екінші жағынан, Астана мен басқа өңірлердегі мектеп мұғалімдері бұл туралы біліп, оқушыларына насихаттаса дейміз. Жалпы, су қазіргі замандағы ең өзекті мәселелердің біріне айналып барады. Сондықтан су мәселесі өте маңызды. Оны қалай үнемдеу керек, қолда бар ресурстарды қалай тиімді пайдалануға болады және су тақырыбында қандай жобалар жасауға болады, осының бәрін балаларға үйретеміз» деді Дарын Серікұлы.

Семинар қорытындысы бойынша білім беру ұйымдарында «AQUALAB» үйірмелері мен факультативтерін дамыту, су ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған мектепішілік бастамаларды іске асыру және оқушылардың зерттеу жобаларын жүйелі түрде ұйымдастыру жөнінде ұсынымдар әзірлеу жоспарланып отыр.

ЖАҢА САУДА ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Астанада «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы аясында MEGAPOLIS сауда орталығы ашылды.

Шағын және орта бизнесті қолдау, сауда орындарын жаңарту және тұтынушылардың сауда жасауына жағдай жасау мақсатында ашылған ғимаратта құрылыс материалдары, үй жөндеуге және тұрмысқа қажетті тауарлар сатылады.

Төрт қабатты сауда орталығының жалпы ауданы – 20 мың шаршы метр. Мұнда ауданы 36-дан 120 шаршы метрге дейінгі 231 сауда орны бар. Бүгінде 160-тан астам кәсіпкер өз тауарларын сатуда.

Сауда орталығында кәсіпкерлер мен сатып алушылар үшін қажетті жағдайлар жасалған. Ғимаратта жолаушылар мен жүк лифтілері, эскалаторлар және желдету жүйелері орнатылған. Сондай-ақ тәулік бойы күзет пен бейнебақылау жұмыс істейді. Тауарларды тиеп-түсіруге арналған арнайы орындар қарастырылған.



Орталықта тауарларды сақтауға арналған қоймалар да бар. Олардың жалпы ауданы 10 мың шаршы метрді құрайды. Болашақта қойма аумағын 15-17 мың шаршы метрге дейін кеңейту жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, 80 қойма контейнері орналастырылған.

MEGAPOLIS сауда орталығы Күмісбеков және Бөгенбай батыр даңғылдарының қиылысына жақын орналасқан. Оған елорданың оң және сол жағалауынан да келу қолайлы.

Астанада алдағы қысқы маусымға арнайы техникалар мен коммуналдық қызметтерді дайындау жұмыстары жалғасып жатыр. Негізінен, қарды уақтылы тазалауға, жолдарды, тротуарлар мен аула аумақтарын күтіп ұстауға, сондай-ақ қыс мезгілінде тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге назар аударылып отыр, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты.

ҚЫСҚЫ МАУСЫМҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Елорданың барлық ауданында арнайы техникалардың техникалық жағдайы, жабдықтардың жарамдылығы және көктайғаққа қарсы материалдардың дайындығы тексеріліп жатыр. Мердігер ұйымдардың қысқы маусымға әзірлігіне және техникалардың жұмысқа уақтылы шығуына ерекше көңіл бөлінуде.

Есіл ауданында алдағы қысқы маусымға 400-ден астам арнайы техника дайындалды. Олардың қатарында автогрейдерлер, фронталды және қармауыш тиегіштер, құм шашатын машиналар, щеткалы жабдықтары бар МТЗ тракторлары, шағын тиегіштер, роторлы қар тазалағыштар мен самосвалдар бар. Көшелерді тазалауға 500-ден астам жол жұмысшысын тарту жоспарланып отыр. Қар қалың жауған кезде жұмылдырылатын техника саны 700-ге, ал жол жұмысшыларының саны 1000 адамға дейін ұлғайтылуы мүмкін.

Сарыарқа ауданында санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізу үшін 609 техника мен 820 жол жұмысшысы қарастырылған.

Байқоңыр ауданында қысқы маусымда 340 арнайы техника мен 450 жол жұмысшысын жұмылдыру жоспарланған. Санитарлық тазалық жұмыстары жалпы ұзындығы 311 шақырым болатын 222 көшені қамтиды.

Нұра ауданында күн сайын шамамен 300 техника мен 320-дан астам жол жұмысшысын жұмылдыру көзделіп отыр. Аудандағы техникалардың 90 пайыздан астамы – 2024-2025 жылдары пайдалануға берілген машиналар.

Алматы ауданында көше-жол желісі мен қоғамдық аумақтарды қысқы күтіп ұстау жұмыстарына 21 мердігер ұйым тартылған. Ауа райына байланысты 450-ден астам арнайы техниканы жұмылдыру жоспарланып отыр. Күндізгі уақытта тазалық жұмыстарына шамамен 400 техника мен 900-ге жуық жол жұмысшысы шығады. Жолдар мен тротуарларды өңдеу үшін көктайғаққа қарсы 5 мың тоннаға жуық материал дайындалған.

Сарайшық ауданында санитарлық тазалық жұмыстарын 17 мердігер ұйым атқарады. Олар көшелерді, тұрғын үй орамдарының ішкі аумақтарын, саябақтар мен гүлзарларды тазалауға жауапты. Жұмыстар жалпы ұзындығы 285 шақырым болатын 171 көшені қамтиды.

Санитарлық тазалық жүргізілетін аумақтың жалпы ауданы 12,7 миллион шаршы метрден асады. Қыс мезгілінде мұнда 300 арнайы техника мен 500 жол жұмысшысын жұмылдыру жоспарланған.



ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҮДЕРІС – КӘДЕЛІ ІС

Астана қаласындағы №113 «Келешек» мектебінде BOLASHAQ LEAGUE 2026 қалалық робототехника және STEM чемпионаты өтті. Іс-шараны мектеп пен Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» бірлесіп ұйымдастырды.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ

BOLASHAQ LEAGUE чемпионатының мақсаты – оқушылар мен педагогтардың инженерлік ойлауын, шығармашылық қабілеттерін және цифрлық құзыреттерін дамыту, робототехника, STEM және жасанды интеллект бағыттарына қызығушылықты арттыру, сондай-ақ білім беру ұйымдары арасында тәжірибе алмасуға жағдай жасау.

Чемпионатқа Астана қаласының 23 мектебінен қатысушылар қатысты. Бағдарлама оқушылардың техникалық шығармашылығын, педагогтардың жобалық шешімдерін және инклюзивті білім берудегі ортақ әрекетті қолдауға бағытталған үш санатты қамтыды.

Іс-шара аясында қатысушылар өз жобаларын таныстырып, техникалық тапсырмаларды орындайды және қазылар алқасының бағалады.

– Бұл сайыс робототехника жасаудың қыр-сырынан хабардар болуға негіз болады. Соның арқасында әр баланың ішінде жатқан талантын ашу діттелді. Бұған дейін де өнертапқыш өрендер сұрыптау, өңдеу бағытында еңбектеніп көрді, нәтиже де бар. Бұндай сайыстар біліктілікті арттырып, жаңа технологияларды тез игеріп, кәделі іспен айналысуға септеседі, – деді информатика пәнінің мұғалімі Жасұлан Қабденұлы.

29 қараша
МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

Астана қаласы мәслихатының депутаттығына барлық кандидаттар үшін баспа-үгіт материалдарын орналастыру орындары туралы ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 28-бабының 6-тармағына сәйкес Астана қаласы мәслихатының депутаттығына барлық кандидаттар үшін баспа-үгіт материалдарын орналастыруға арналған орындар туралы хабарлаймыз.

Астана қаласының әкімдігі

Астана қаласы мәслихатының депутаттығына барлық кандидаттар үшін баспа-үгіт материалдарын орналастыру орындары

Р/с №	Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар
1	2
1.	Б. Момышұлы даңғылы, № 5, Астана қаласы әкімдігінің «Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратының алдында
2.	Амман көшесі, № 14, «Мечта» сауда орталығының аумағында
3.	Б. Момышұлы даңғылы, № 10, «Рахмет» сауда үйі ғимаратының алдында
4.	М. Төлебаев пен Жаңаарқа көшелерінің қиылысында, «Дәулет» теннис академиясы жағынан
5.	Еділ көшесі, № 26, «Magnum» сауда орталығының аумағында
6.	Тәуелсіздік даңғылы, № 32, Астана қаласы «Алматы» ауданының «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының халыққа қызмет көрсету бөлімі ғимаратының алдында
7.	Б. Момышұлы даңғылы, «Жерұйық» саябағына орталық кіреберіс алдында
8.	Қ. Сәтбаев және А. Петров көшелерінің қиылысында, «Евразия-1» сауда орталығы ғимаратына орталық кіреберістің оң жағында
9.	Қажымұқан және А. Петров көшелерінің қиылысында, «Орбита» сауда үйі ғимаратының алдында
10.	Абылай хан даңғылы мен Манас көшесінің қиылысында, «Встреча» сауда үйі ғимаратының алдында
11.	Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 25, Астана қаласы әкімдігінің «№ 7 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратының алдында
12.	І. Жансүгіровқа көшесі, № 8, «Аружан» сауда орталығының ғимаратына орталық кіреберістің сол жағында
13.	Абылай хан даңғылы мен Ғ. Мұстафин көшесінің қиылысында, шағын бақ аумағында
14.	Қ. Рысқұлбеков көшесі, «Алма» саябағының аумағында
15.	«Железнодорожный» тұрғын алабы, В. Маяковский көшесі, орталық шағын бақтың сол жағында
16.	Ш. Уәлиханов көшесі мен Абай даңғылының қиылысында, «Жаннұр» сауда үйі ғимаратының оң жағында
17.	Ақжол даңғылы, № 28, «Астықжан» сауда орталығы ғимаратының орталық кіреберісінен оң жақта
18.	Алаш тас жолы мен Жолымбет көшесінің қиылысында, «Орталық базар» аялдамасы павильонының сол жағында
19.	Қ. Кемеңгерұлы көшесі, № 4, Астана қаласы әкімдігінің «№ 21 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратына орталық кіреберістің оң жағында
20.	Кенесары көшесі мен Республика даңғылының қиылысында, «Сұңқар» сауда үйіне қарама-қарсы, Республика даңғылының бойында
21.	А. Иманов көшесі, № 20, Астана қаласы «Байқоңыр» ауданының «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының халыққа қызмет көрсету жөніндегі № 5 бөлім ғимаратының сол жағында
22.	А. Пушкин көшесі, № 10/1, «Burger King» жылдам тамақтану мейрамханасы ғимаратының оң жағында
23.	Ш. Уәлиханов пен А. Иманов көшелерінің қиылысында, Ш. Уәлиханов көшесі бойындағы № 6 ғимарат жағынан
24.	А. Кравцов және Ш. Уәлиханов көшелерінің қиылысында, «Жастар» сауда үйі ғимаратына қарама-қарсы, А. Кравцов көшесінің бойында
25.	А. Кравцов көшесі мен А. Пушкин көшесінің қиылысында, «Целинный шағын ауданы» аялдама павильонының сол жағында
26.	Мәңгілік Ел даңғылы мен Д. Қонаев көшесінің қиылысында, Д. Қонаев көшесіндегі № 14г үйдің бұрышында
27.	Қабанбай батыр даңғылы, «Айкөл Манас» ескерткішінің алдында
28.	Достық және Сауран көшелерінің қиылысында, «Керуен» сауда-ойын-сауық орталығы ғимаратының алдында
29.	Мәңгілік Ел даңғылы мен Алматы көшесінің қиылысында, Мәңгілік Ел даңғылындағы № 19 үйдің бұрышында
30.	Сауран көшесі, № 11, Астана қаласы әкімдігінің «Дулат Бабатайұлы атындағы № 89 мектеп-лицейі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратының орталық кіреберісі алдында
31.	Мәңгілік Ел даңғылы, № 30, Астана қаласы «Есіл» ауданының «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының халыққа қызмет көрсету жөніндегі № 1 бөлім ғимаратының орталық кіреберісіне қарама-қарсы
32.	Ұлы Дала даңғылы мен Әлихан Бөкейхан көшесінің қиылысында, Ұлы Дала даңғылы бойындағы № 49 ғимараттың бұрышында
33.	«Тельман» тұрғын алабы, Мұғалжар көшесі, № 65а, азық-түлік дүкені ғимаратының сол жағында
34.	Қабанбай батыр даңғылы, № 62, «MEGA Silk Way» сауда-ойын-сауық орталығы ғимаратына орталық кіреберістің алдында
35.	Ботаникалық баққа орталық кіреберістің алдында, Түркістан көшесінің бойында
36.	Мәңгілік Ел даңғылы мен Т. Рысқұлов көшесінің қиылысында, Т. Рысқұлов көшесі, № 12 мекенжайы жағынан
37.	Е117 көшесі, № 37 және № 39 үйлердің арасында
38.	Е652 көшесі, «Family village коттедж қалашығы» автобус аялдамасының алдында
39.	«Пригородный» тұрғын алабы, Жаңадария көшесі, «Пригородный т/а» автобус аялдамасының артында
40.	Ұлы Дала мен Әл-Фараби даңғылдарының қиылысында, Ұлы Дала даңғылындағы № 80 үйдің бұрышында, «Тәп-тәтті» кондитерлігінің оң жағында
41.	«Үркер» тұрғын алабы, Исатай батыр көшесі, № 141/1, Астана қаласы әкімдігінің «Кемел Ақышев атындағы № 69 мектеп-гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратының алдында
42.	І. Омаров көшесі, № 4, Астана қаласы әкімдігінің «№ 71 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратының алдында
43.	Қорғалжын тас жолы, № 8, «М.С. Нәрікбаев атындағы ҚАЗМЗУ Университеті» акционерлік қоғамы ғимаратының алдында
44.	«Басты сағатқа» қарама-қарсы орталық саябаққа кіреберістің алдында, Тұран даңғылы бойында
45.	Тұран даңғылы, № 24, «Сарыарқа» сауда-ойын-сауық орталығының орынтұрағының аумағында
46.	Тұран даңғылы, № 37, «Хан Шатыр» сауда-ойын-сауық орталығы ғимаратына орталық кіреберістің алдында
47.	Қабанбай батыр даңғылы, № 21, «Азия парк» сауда-ойын-сауық орталығы ғимаратына орталық кіреберістің алдында
48.	Сығанақ көшесі, № 17м, «Жасыл квартал» тұрғын үй кешеніндегі «BI-Group» кеңсе ғимаратына орталық кіреберістің алдында
49.	Тұран даңғылы, № 53в, «N-City» сауда орталығы ғимаратына орталық кіреберістің алдында
50.	Қабанбай батыр даңғылы, № 47/1, Үстел теннисі орталығына кіреберістің алдында
51.	Ә. Нұршайықов көшесі, № 8, Астана қаласы әкімдігінің «Смағұл Сәдуақасұлы атындағы № 78 мектеп-гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратының алдында
52.	Ш. Шөкин көшесі, № 5, «BINOM EDUCATION» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Ә. Бөкейхан атындағы «Binom school» мектеп-лицейі ғимаратының орталық кіреберісі алдында
53.	Тұран даңғылы, № 89, «Қазақстан Ғарыш Сапары» аумағында орналасқан үш ғарыш кемесінің макеттері алдында
54.	Тұран даңғылы, № 65, «Small» сауда үйі ғимаратына орталық кіреберістің алдында
55.	Қарқаралы тас жолы, № 15, Қазақ ұлттық спорт университеті ғимаратына орталық кіреберістің алдында
56.	К. Әзірбаев көшесі, № 6/5, аялдама павильонының оң жағында
57.	Ж. Нәжімеденов көшесі, № 26 мекенжайындағы «Damu Mall» сауда-ойын-сауық орталығының кіреберісі маңында
58.	Тәуелсіздік даңғылы мен Ж. Нәжімеденов көшесінің қиылысында, «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратының алдында, Ж. Нәжімеденов көшесінің бойында
59.	Р. Қошқарбаев даңғылы, № 26, «Отбасы банк» акционерлік қоғамы ғимаратына орталық кіреберістің алдында
60.	Қ. Қуанышбаев көшесі, № 8/1, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратының орталық кіреберісінің алдында
61.	«Промышленный» тұрғын алабы, Шалкөде көшесі, «iStop» аялдама павильонының оң жағында
62.	«Интернациональный» тұрғын алабы, Мереке көшесі, № 1а, Астана қаласы әкімдігінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алдында
63.	«Мичурино» тұрғын алабы, Бастау көшесі, орталық шағын баққа кіреберістің алдында
64.	«Күйгенжар» тұрғын алабы, Жаңатұрмыс көшесі, № 1/1, аялдама павильонының оң жағында
65.	М. Тынышбайұлы көшесі, № 8, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамының «Нұрлы жол» теміржол вокзал кешені филиалы ғимаратының алдында, А-62 көшесінің бойында
66.	«Самал» шағын ауданы, № 12, «Astana Tower» бизнес-орталығы ғимаратының оң жағында
67.	Театр бульварына кірер алдында, Республика даңғылының бойында
68.	Бейбітшілік көшесі, № 9 ғимаратына орталық кіреберістің оң жағында
69.	Желтоқсан көшесінде, «Серуен» жаяу жүргіншілер көпірінің алдында
70.	Ш. Қосшығұлұлы көшесі, № 9, «Солтүстік» сауда үйі ғимаратының алдында
71.	Н. Тілендиев даңғылы, № 15, «Рахмет» сауда орталығы ғимаратының орталық кіреберісінің оң жағында
72.	«Көктал-1» тұрғын алабы, Алмалық көшесі, № 1, Астана қаласы әкімдігінің «Наз» мемлекеттік би театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратының алдында
73.	«Көктал-2» тұрғын алабы, Ақмола көшесі, № 24, «Көктал-2» сауда үйі ғимаратының алдында
74.	«Көктал-1» тұрғын алабы, «Көктал» саябағына кіреберістің алдында
75.	Ш. Қосшығұлұлы көшесі, № 24, «Euromall» сауда үйі ғимаратының алдында
76.	Ақан сері көшесі, № 20, Астана қаласы әкімдігінің «№ 5 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғимаратының алдында
77.	А. Герцен көшесі, № 86, «Масяня» дүкені ғимаратының алдында
78.	Ш.Бейсекова көшесі, № 3, «Ivi Market» сауда үйі ғимаратының алдында
79.	Конституция көшесі, № 16, «Сымбат» дүкені ғимаратының алдында
80.	І. Есенберлин көшесі, № 10, Астана қаласы әкімдігінің «Жастар театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратының алдында
81.	Жеңіс даңғылы, № 62, «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы ғимаратының алдында
82.	Бөгенбай батыр даңғылы, № 71, «Джафар» сауда орталығы ғимаратының оң жағында, Шоқан Уәлиханов көшесінің бойында
83.	Республика даңғылы, № 58, аялдама павильонының сол жағында
84.	Бейбітшілік көшесі, № 37, Қазақстан Республикасының Кассациялық соты ғимаратының сол жағында
85.	«Ақжайық» шағын бағына кіреберістің алдында, Жеңіс даңғылының бойында

ЖАҢҒЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢІ

